

«ПАВЛОДАР ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ
"ПАВЛОДАР ОБЛЫСЫНЫҢ БІЛІМ БЕРУ БАСҚАРМАСЫ" ММ

est. 1962
UNIVERSITY PEDAGOGICAL



«Павлодар педагогикалық университеті» коммерциялық емес
акционерлік қоғамында дуальды оқытуды ұйымдастыру туралы
ЕРЕЖЕ

«Павлодар педагогикалық
университеті» КеАҚ

«Павлодар облысының білім беру
басқармасы» ММ

Басқарма төрағасы-ректоры

Басшы



Ж.О. Жилбаев



С.О. Айтқазина

Павлодар қ., 2022 ж.

**«Павлодар педагогикалық университеті» коммерциялық емес
акционерлік қоғамында дуальды оқытуды ұйымдастыру туралы
ЕРЕЖЕ**

1. Жалпы ережелер

1.1 «Павлодар педагогикалық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамында дуальды оқытуды ұйымдастыру туралы ереже (бұдан әрі – ереже) техникалық және жоғары кәсіптік педагогикалық білімі, жалпы орта білімі бар жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын меңгеретін, күндізгі оқу нысанында білім алушылардың «Павлодар педагогикалық университеті» КеАҚ дуальды оқыту элементтерімен білім беру процесінің мақсаты, міндеті, мазмұны, шарттарын және ұйымдастыру тәртібін айқындайды.

1.2 Дуальды оқыту – кәсіпорынның (ұйымның), оқу орнының және білім алушының тең жауапкершілігі кезінде білім беру ұйымындағы оқытуды білім алушыларға жұмыс орындарын ұсынып және өтемақы төлемін төлей отырып, кәсіпорындағы (ұйымдағы) өндірістік оқыту мен кәсіптік практиканың міндетті кезеңдерімен ұштастыратын кадрлар даярлау нысаны (ҚР Еңбек Кодексі, «Білім туралы» Заң).

Осыған сәйкес университетте дуальды оқыту элементтерін енгізу университет, білім беру ұйымы және білім алушының тең жауапкершілігі кезінде қажетті ресурстары бар білім беру ұйымдарында өндірістік оқыту және кәсіптік практиканы жоғары оқу орнында оқытуды ұштастыратын **мектепке дейінгі, орта және техникалық кәсіптік білім беру жүйесі үшін педагогика кадрларын даярлаудың нысанын іске асыруға бағытталған.**

Ережеде мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) дуальды оқыту туралы шарт – өндірістік оқыту мен кәсіптік практикадан өту шарттары мен тәртібін регламенттейтін университетпен, білім алушы, өндірістік оқыту мен кәсіптік практикадан өту үшін жұмыс орнын ұсынатын кәсіпорын (ұйым) және оқу орны арасындағы жазбаша келісім;

2) өндірістік оқыту – білім беру ұйымдарының және (немесе) кәсіпорындардың (ұйымдардың) базасында білім алушылардың теориялық білім алуына, практикалық машықтануына бағытталған оқыту;

3) оқытушы-тәлімгер – қазіргі заманғы білім беру технологияларын меңгерген, өндірістік оқыту мен кәсіптік практикаға басшылықты жүзеге асыратын білім беру ұйымының білікті педагогы;

4) білім беру ұйымдары – бір немесе бірнеше білім беру бағдарламасын іске асыратын және (немесе) білім алушылар, тәрбиеленушілерді қамту және тәрбиелеуді қамтамасыз ететін заңды тұлғалар (балабақша, мектеп, мектеп-интернат және т.б.)

1.3 Университетте дуальды оқыту элементтерін енгізу әлеуметтік серіктестікті дамытуды, білім беру жүйесімен, практикамен оқытудың

байланысын нығайту, кәсіптік даярлау сапасын арттыру, жұмыс берушілердің қажеттіліктеріне педагог кадрларын даярлау деңгейін жақындатуды қамтамасыз етуге шақырылған.

1.4 Дуальды оқыту элементтерін енгізу екі форматта жүзеге асырылады:
- жалпы орта білім базасында – теориялық білім университет базасында, өндірістік оқыту – сабақтар кестесімен анықталған күндері – білім беру ұйымының базасында іске асырылады;

- ТЖКБ және ЖЖОКБҰ базасында – теориялық және өндірістік оқыту университет және білім беру ұйымының базасында қатарлас іске асырылады.

1.5 Дуальды оқыту элементтерін енгізу дуальды оқыту туралы шартқа сәйкес жүзеге асырылады.

1.6 Өндірістік оқыту және кәсіптік практика кезеңінде білім алушыға еңбек тәртіптемесінің ережелері, еңбекті қорғау және қауіпсіздік талаптары қолданылады.

1.7 Дуальды оқыту туралы шарт негізінде білім алушыға білім беру ұйымы өндірістік оқыту және кәсіптік практикаға басшылықты жүзеге асыру үшін оқытушы-тәлімгер бекітіледі.

1.8 Дуальды оқыту элементтерін енгізу бойынша университет жоғары мектептерінің қызметін үйлестіруді академиялық мәселелер жөніндегі департаменті жүзеге асырады.

2. Нормативтік құжаттар

Осы ережені әзірлеу кезінде мынадай нормативтік құжаттар пайдаланылды:

1. Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы № 414-V ЗРК (04.07.2022 № 134-VII редакцияда) Еңбек Кодексі

2. Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» № 319-III (14.07.2022 № 141-VII редакцияда) Заңы

3. ҚР БҒМ 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 (29.12.2021 № 614 редакцияда) бұйрығымен бекітілген Тиісті үлгідегі және түрдегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары

4. ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 бұйрығымен бекітілген Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты

5. ҚР БҒМ 2011 жылғы 20 сәуірдегі № 152 (06.05.2021 № 207 редакцияда) бұйрығымен бекітілген Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидалары

6. ҚР БҒМ 2015 жылғы 20 наурыздағы № 137 (03.11.2021 № 547 редакцияда) бұйрығымен бекітілген Білім беру ұйымдарына қашықтан оқытуды ұсыну бойынша қойылатын талаптарды және қашықтан оқыту бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидалары

7. ҚР БҒМ 2016 жылғы 21 қаңтардағы № 50 (18.05.2021 № 222 редакцияда) бұйрығымен бекітілген Дуальды оқытуды ұйымдастыру қағидалары

8. ҚР БҒМ Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім департаментінің 29.10.2019 ж. № 14-4/1610-1 хатымен жіберілген Білім беру ұйымдарында кәсіптік практиканы ұйымдастыру және өткізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдар

3. Дуальды оқытудың қатысушылары

- 3.1 «Павлодар педагогикалық университеті» КеАҚ
- 3.2 Меншік нысандарына қарамастан білім беру ұйымдары;
- 3.3 Университеттің білім алушылары – студенттер

4. Дуальды оқытудың міндетті компоненттері

- 4.1. Білім беру басқармасымен келісілген дуальды оқытуды ұйымдастыру туралы ереже;
- 4.2 Білім беру бағдарламаларының оқу жоспары;
- 4.3 Білім беру бағдарламалары;
- 4.4 Кәсіптік практиканың бағдарламасы;
- 4.5. ББ бойынша қорытынды аттестаттау бағдарламасы;
- 4.6 Білім беру ұйымдарымен дуальды оқыту туралы шарт;
- 4.7 Білім беру қызметтерін көрсетуге арналған шарт (ТжКБ және ЖЖОКБҰ базасында білім алушылар үшін);
- 4.8 Білім алушыларды дуальды оқытуға қабылдау/ауыстыру туралы бұйрық;
- 4.9 Білім беру ұйымынан оқытушы-тәлімгерлерді және білім беру ұйымдарының басшылары және басшы орынбасарлары қатарынан дуальды оқытуды ұйымдастыруға және өткізуге жауаптыларын бекіту туралы бұйрық
- 4.10 Академиялық күнтізбе, оқу сабақтарының кестесі;
- 4.11 Дуальды оқытудың күнделігі

5. Дуальды оқытудың мақсаты мен міндеттері

Дуальды оқытудың мақсаты: даярлық бағыттары бойынша жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына, сондай-ақ кәсіптік салада оның жұмыста практикалық дағдыларын иеленуіне сәйкес білім алушылардың жоғары кәсіптік білімнің білім беру бағдарламаларын сапалы меңгеруі.

Дуальды оқытудың негізгі міндеттері:

- педагог кадрлардың кәсіптік даярлығын жетілдіру;
- білім сапасын арттыру;

- еңбек нарығының және жұмыс берушілердің нақты талаптарына сәйкес педагогтерді даярлау;
- білім беру жүйесімен, практикамен оқытудың байланысын нығайту;
- білім беру жүйесінің нақты жағдайларында білім алушыларға кәсіптік тәжірибені беру үшін жағдай жасау;
- жұмыс берушілердің кадрлық әлеуеті және материалдық-техникалық базасының қолданылуымен білім беру бағдарламаларын іске асыру;
- әлеуметтік серіктестікті дамыту.

Дуальды оқытуды ұйымдастыру және өткізу үшін дуальды оқыту туралы жасалған шарттарға сәйкес білім беру бағдарламалары, жоғары мектеп, университет, білім беру ұйымдарының басшылары жауаптылықта болады.

6. Дуальды оқыту элементтерімен білім беру процесін ұйымдастыру шарттары және тәртібі

6.1. Білім беру бағдарламаларының басшылары, жоғары мектеп декандарымен бірлесіп Университет дуальды оқытуды ұйымдастыру және өткізу үшін:

- облыстық білім беру басқармасымен бірлесіп дуальды оқыту туралы ереже әзірлейді және бекітеді;
- білім беру бағдарламаларын, кәсіптік практика және қорытынды аттестаттау бағдарламаларын, дуальды оқыту күнделігін және оқу бағдарламаларын әзірлейді және бекітеді;
- білім беру ұйымдарымен дуальды оқыту туралы шарт құрады және қол қояды;
- ТЖКБ және ЖЖОКБҰ базасында білім алушылармен білім беру қызметтерін көрсетуге арналған шарт жасасады;
- білім алушыларды дуальды оқыту нысанына қабылдау/ауыстыруға бұйрық шығарады;
- академиялық күнтізбе әзірлейді және бекітеді;
- білім беру ұйымдарымен бірлесіп жалпы орта білім беру базасында білім алушылар үшін оқу сабақтарының кестесін әзірлейді және бекітеді;
- білім беру ұйымдарымен бірлесіп білім беру ұйымдарының басшылары және басшы орынбасарлары қатарынан дуальды оқытуды ұйымдастыру және өткізуге жауаптылар туралы және оқытушы-тәлімгерлер туралы бұйрық шығарады;
- облыстық білім беру басқармасымен, білім беру ұйымдарымен бірлесіп даярлық бағыттары бойынша дуальды оқытуды ұйымдастырады және іске асырады.

6.2 Дуальды оқытуға ауысу басшылығы дуальды оқыту элементтерін іске асыруға келісімін берген даярлық бағыты бойынша білім беру ұйымы бар болған жағдайда 3,4 курс білім алушылары үшін жеке өтініш бойынша мүмкін болады.

6.3 Даярлық бағыты бойынша білім беру ұйымында жұмыс істеу және техникалық немесе жоғары кәсіптік педагогикалық білімінің болуы дуальды оқыту элементтерімен оқытуға қабылдау үшін шарт болып табылады.

Оқытудың дуальды нысанына қысқартылған білім беру бағдарламалары бойынша білім алушылардың ауысуы тиісті даярлық бағыты бойынша білім беру ұйымында жұмыс істейтін білім алушылар үшін мүмкін болады.

6.4 Дуальды оқыту элементтерімен оқу процесін жоспарлау және ұйымдастыру кредиттік технологияға сәйкес жүзеге асырылады.

6.5 Дуальды оқыту элементтерімен оқу процесін ұйымдастыру теориялық, өндірістік оқыту және кәсіптік практиканы қамтиды. Бұл ретте білім алушылардың игеруі үшін кемінде 30% пәннің оқу материалы тікелей өндірісте игеріледі.

ТЖКБ және ЖЖОКБҰ базасында білім алушылар үшін теориялық және өндірістік оқыту университет және білім беру ұйымының базасында қатарлас жүргізіледі.

Жалпы орта білім беру базасындағы 3, 4-курс білім алушылары үшін теориялық оқыту университет базасында, өндірістік оқыту – сабақ кестесімен анықталған күндер бойынша білім беру ұйымында іске асырылады.

Өндірісте оқыту кезінде оқытушы-тәлімгерлер тағайындалады. Оқытушы-тәлімгерлерде «педагог-зерттеуші», «педагог-шебер» біліктілік санаты, кемінде 5 жыл даярлық бейіні бойынша жұмыс өтілі, білім беру ұйымының штат жұмыскері болуы тиіс, жоғарыда көрсетілген біліктіліктер болмаған жағдайда «педагог-сарапшы» біліктілігі рұқсат етіледі.

Оқытушы-тәлімгер педагогикалық әдептің негізгі қағидаттары мен нормаларын сақтауы, білім алушыларының тәрбиелілік деңгейі, білім сапасы бойынша жоғары көрсеткіштері болуы, білім беру ұйымының басшысы немесе басшы орынбасары болмауы тиіс.

Оқытушы-тәлімгерге 5 білім алушыға дейін бекітілуі мүмкін.

Оқытушы-тәлімгерлердің еңбекақысын бекітілген нормалар бойынша Университет жүргізеді.

6.6 Білім беру бағдарламаларының басшылары оқу жоспарларына сәйкес дуальды оқыту элементтерімен білім беру бағдарламаларын іске асыруды қамтамасыз етеді.

6.7 Оқытушылар, оқытушы-тәлімгерлер білім беру бағдарламалары, жұмыстық оқу бағдарламалары (силлабустар) және үздік оқыту практикалары негізінде оқыту әдістерін, оқу сабақтарын ұйымдастыру және өткізу тәсілдері мен нысандарын өз бетінше таңдайды.

6.8 Дуальды оқыту элементтерімен оқу процесін жоспарлау және ұйымдастыру оқытудың барлық кезеңі үшін академиялық сағаттардың/кредиттердің жалпы көлемінен 20%-дан артық емес қашықтан оқытуға ауысуды рұқсат етіп, қашықтан оқытуды қолдануды көздейді

Қашықтан оқыту кезінде оқытудың синхронды және асинхронды форматтары пайдаланылады.

Университет білім алушыларға оқу, анықтамалық және әдістемелік материалдар, «Платон» ААЖ, электронды кітапхана орналасқан білім беру порталына және ақпараттық жүйелерге қол жетімділікті қамтамасыз етеді.

6.9 Оқу процесін ұйымдастыру университеттің Ғылыми кеңесінің шешімімен бекітілетін академиялық күнтізбе негізінде жүзеге асырылады.

Академиялық күнтізбеде ТжКБ және ЖЖОКБҰ базасында білім алушылар үшін дуальды оқытуды, түйісулі сабақтар, аралық және қорытынды аттестаттау, кәсіптік практика, демалыс күндері (демалыстар және мерекелер) және оқу жұмысының басқа түрлерін өткізу кезеңдері көрсетіледі.

Жалпы орта білім беру базасындағы білім алушылар үшін өндірістік оқыту кезеңіне білім беру ұйымдарының базасына шығу күндері оқу сабақтарының кестесімен анықталады.

Әр академиялық кезең білім алушылардың аралық аттестаттау кезеңімен аяқталады.

6.10 Кәсіптік практика білім алушылардың оқу жұмысының міндетті түрі болып табылады. Дуальды оқыту элементтерімен оқу процесін ұйымдастыру кезінде ТжКБ және ЖЖОКБҰ базасындағы білім алушылар үшін кәсіптік практика академиялық кезеңмен қатарлас жүргізіледі.

Кәсіптік практика бекітілген бағдарламаға сәйкес өткізіледі.

Кәсіптік практиканың нәтижелері аралық аттестаттау қорытындыларын шығару кезінде есепке алынады.

6.11 ТжКБ және ЖЖОКБҰ базасындағы білім алушылар үшін дуальды оқыту элементтерімен оқу процесін ұйымдастыру үшін әр академиялық кезеңнің басында ұйымдастыру аптасы өткізіледі. Оны өткізудің мақсаты білім беру бағдарламасының оқу жоспары бойынша пәндерді игеру, дуальды оқыту күнделігін жүргізу мен ағымдық және аралық аттестаттауды өткізу, оқыту нәтижелерін, білім беру ұйымынан оқытушы-тәлімгерлердің және жоғары оқу орны оқытушыларының, білім алушылардың өзара әрекеттесу тәртібін анықтау болып табылады.

Әр академиялық кезеңде университеттің базасында өткізілетін оқытушылармен түйісулі сабақтар қарастырылған.

6.12 «ППУ» КеАҚ оқу процесін қажетті оқу-әдістемелік материалдармен (оқулықтар, оның ішінде оқу, оқу-әдістемелік құралдар, силлабустар, практика бағдарламасы және т.б.), оқу зертханаларымен, шеберханалармен сүйемелдейді, жүйелік білім беру ресурстарына қолжетімділік ұсынады.

6.13 Білім алушылардың аралық және қорытынды аттестаттауына, үлгеріміне ағымдағы бақылауды өткізу тәртібі академиялық адалдық қағидаттарына, Академиялық саясат пен дәстүрлі бағалау шкаласы және ECTS-ке ауыстырылуымен білім алушылардың оқу жетістіктерін есепке алуды белгіленген бағалаудың балдық-рейтингтік әріптік жүйесіне сәйкес анықталады және сақталынады.

Университет оқытушысы үлгерімнің ағымдағы бақылауы, аралық және қорытынды аттестаттау, «Платон» ААЖ-да білім алушылардың қатысымы туралы деректерді енгізеді.

Әр пән бойынша емтихан өткізу нысаны білім беру ұйымымен шарт жасасу және оқытудың дуальды нысанына ауыстыру туралы бұйрық шығару кезінде ТжКБ және ЖЖОКБҰ базасындағы білім алушылар үшін және жалпы орта білім беру базасындағы білім алушылар үшін ұйымдастыру аптасын өткізу кезеңінде оқытушы-тәлімгерлермен келісіледі.

Оқыту әдістемесімен байланысты пәндерді зерделеу кезінде ағымдағы аттестаттау (емтихан) үшін оқытушы-тәлімгермен бірлесіп білім беру ұйымының базасында сабақ (білім беру ұйымында пайдаланылатын сабақ, тренинг және оқытудың басқа нысандары) әзірленеді және өткізіледі, өткізілетін сабақтың жазбасы жүргізіледі. Сабақ дуальды оқыту күнделігінде оқытушы-тәлімгермен талданады және бағаланады.

Межелік бақылаудың бағасын және қорытынды бағаны жоғары оқу орнының оқытушысы қояды. Оқытушы-тәлімгердің қойған ағымдағы бағаларын жоғары оқу орнының оқытушысы «Платон» ААЖ-ге көшіреді.

Толық оқыту курсы аяқтағаннан және қажетті кредиттер санын игергеннен кейін білім алушы университетте қорытынды аттестаттаудан өтеді.

Қорытынды аттестаттаудан өткен білім алушыларға «білім бакалавры» дәрежесі беріледі, тиісті біліктілік тағайындалады және қосымшасымен жоғары білім туралы диплом (транскрипт) беріледі.

6.14 Жоғары мектеп декандары, білім беру бағдарламаларының басшылары білім беру ұйымдарында қолданыстағы Жарғы, ішкі еңбек тәртіптемесінің ережелерін, еңбекті қорғау, тіршілік әрекеті қауіпсіздігі, өрт қауіпсіздігі және басқа жергілікті актілердің талаптарын білім алушылардың сақтауы үшін жауаптылықта болады.

6.15 Білім беру басқармасы жылына екі рет, қыркүйек және қаңтарда ТжКБ және ЖЖОКБҰ базасындағы білім алушылар даярлық бейініне сәйкес білім беру ұйымдарында жұмыс істейтіндігін растайды.

6.16 Жоғары мектеп декандары білім беру бағдарламаларының басшыларымен бірге оқу жылы ішінде дуальды оқытуды іске асырудың мониторингін жүргізеді, оқу жылының соңында есеп қалыптастырады және оны академиялық мәселелер жөніндегі департаментіне ұсынады.

6.17 Академиялық мәселелер жөніндегі департаменті дуальды оқытуды іске асырудың жыл сайынғы мониторингін жүргізеді, есеп қалыптастырады және жоғары оқу орнының басшылығына ұсынады.

7. Дуальды оқытуды ұйымдастыру процесіне қатысушылардың функциялары

7.1 Университет:

- оқу процесіне қажетті жағдайлар туғызады;
- облыстық білім беру басқармасымен бірлесіп дуальды оқыту туралы ереже әзірлейді және бекітеді;
- оқу жоспарларын және білім беру бағдарламаларын, кәсіптік практика бағдарламаларын, дуальды оқыту күнделігін әзірлейді және бекітеді;
- білім беру ұйымдарымен дуальды оқыту туралы шарт құрады және қол қояды;
- ТжКБ және ЖЖОКБҰ базасындағы білім алушылармен, білім беру ұйымдарымен білім беру қызметтерін көрсетуге арналған шарт жасайды;
- оқытудың дуальды нысанына білім алушыларды қабылдау/ауыстыруға арналған бұйрық шығарады;
- академиялық күнтізбе әзірлейді және бекітеді;
- білім беру ұйымдарымен бірлесіп жалпы орта білім беру базасындағы білім алушылар үшін оқу сабақтарының кестесін әзірлейді және бекітеді;
- білім беру ұйымдарымен бірлесіп білім беру ұйымдарының басшысы және басшы орынбасарлары қатарынан дуальды оқытуды ұйымдастыру және өткізуге жауаптылар мен оқытушы-тәлімгерлер туралы бұйрық шығарады;
- облыстық білім беру басқармасымен, білім беру ұйымдарымен бірлесіп даярлық бағыттары бойынша дуальды оқытуды ұйымдастырады және іске асырады;
- университетте аралық және қорытынды аттестаттау ұйымдастырады және өткізеді;
- білім алушының аралық және қорытынды аттестаттау кезінде дуальды оқыту бағдарламаларын игеру нәтижелерін есепке алуды және мониторингін қамтамасыз етеді;
- білім алушының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына, оқу жоспарына және білім беру бағдарламасына сәйкес толық көлемде оқытуды алуына жауаптылықта болады;
- педагогикалық әдеп, академиялық адалдық қағидаттарын және нормаларын білім алушының сақтауына жауап береді;
- білім беру ұйымдарында қолданыстағы Жарғы, ішкі еңбек тәртіптемесінің ережелерін, еңбекті қорғау, тіршілік әрекеті қауіпсіздігі, өрт қауіпсіздігі және басқа жергілікті актілердің талаптарын, білім беру ұйымының мүлкін пайдалану жөніндегі талаптарын білім алушылардың сақтауы үшін жауаптылықта болады;
- санитариялық ережелерге, еңбекті қорғау, тіршілік әрекеті қауіпсіздігі және өрт қауіпсіздігі талаптарына жауап беретін білім беру ұйымының базасында білім алушының дуальды оқытудан өтуіне қауіпсіз жағдайларды қамтамасыз етеді.

7.2 Білім беру басқармасы:

- университетпен бірлесіп дуальды оқыту туралы ереже әзірлейді және бекітеді;
- дуальды оқытуды іске асыру жөніндегі білім беру ұйымдарының қызметін үйлестіреді;
- облыстың білім беру ұйымдарында дуальды оқытуды ұйымдастыру мониторингін жүзеге асырады;
- дуальды оқыту элементтерімен оқу процесін ұйымдастыру мәселелері бойынша кеңес беру көмегін көрсетеді;
- дуальды оқыту шеңберінде басқа өкілеттіктерді жүзеге асырады.

7.3 Білім беру ұйымы:

- Университетпен дуальды оқыту туралы шарт жасасады;
- Университетпен бірлесіп жалпы орта білім беру базасында білім алушылар үшін оқу сабақтарының кестесін әзірлейді және бекітеді;
- жылына екі рет, қыркүйекте және қаңтарда даярлық бейініне сәйкес ТжКБ және ЖЖОКБҰ базасындағы білім алушылар білім беру ұйымдарында жұмыс істейтіндігі туралы деректерді растайды;
- білім беру ұйымдарының басшылары және басшы орынбасарлары қатарынан дуальды оқытуды ұйымдастыру және өткізу үшін жауапты тұлғаларды және барлық оқыту кезеңіне білім алушыға оқытушы-тәлімгерді анықтайды;
- білім беру ұйымдарының басшылары және басшы орынбасарлары қатарынан дуальды оқытуды ұйымдастыруға және өткізуге жауапты тұлғалар және оқытушы-тәлімгерлер туралы бұйрық шығару үшін жауапты тұлғалар, оқытушы-тәлімгер туралы мәліметтерді университетке береді;
- шартпен көзделген міндеттерді орындайды және кәсіптік практикадан өтуге, өндірістік оқытуға қауіпсіз жағдайлар құрады және орындар ұсынады;
- оқу жоспарына, білім беру бағдарламасына, оқу пәндерінің бағдарламаларына (силлабустарға) және кәсіптік практика бағдарламасына сәйкес өндірістік оқыту және кәсіптік практикадан өтудің ұйымдастырылуын қамтамасыз етеді;
- Жарғымен, жұмыс жағдайларымен, нормативтік-құқықтық актілермен, қауіпсіздік және еңбекті қорғау жағдайларымен таныстырады;
- еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы заңнамасымен және білім беру ұйымының жергілікті құжаттарымен көзделген нұсқаулықтың барлық түрін өткізеді;
- университетпен бірлесіп даярлық бағыттары бойынша дуальды оқытуды ұйымдастырады және іске асырады.

7.4 Білім алушы:

- осы саланы реттейтін еңбек жағдайларымен, нормативтік-құқықтық актілерімен, қауіпсіздік және еңбекті қорғау жағдайларымен, жұмыс жағдайларымен танысады;

- оқу және өндірістік тәртіпті, ішкі еңбек тәртіптемесінің ережелерін, білім беру ұйымының Жарғысын, еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы талаптарын сақтайды;

- академиялық адалдық, педагогикалық әдеп қағидаттары мен нормаларын сақтайды;

- академиялық күнтізбе/оқу сабақтарының кестесімен белгіленген мерзімде теориялық оқыту үшін университетке, өндірістік оқыту үшін білім беру ұйымына өкіммен барады.

Білім беру ұйымына/университетке келмеген жағдайда сәйкесінше оқытушы-тәлімгерге, кураторына, оқытушыға болмау себебін хабарлайды. Ауырған кезінде апта ішінде медициналық анықтама ұсынады.

- жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес толық көлемде білімдер, біліктер және практикалық дағдыларды меңгереді;

- оқу жоспарына және академиялық күнтізбеге сәйкес білім беру бағдарламасын игереді;

- дуальды оқыту және кәсіптік практика күнделігін жүргізеді, атқарылған жұмыс туралы оқытушы-тәлімгерге есеп ұсынады;

- оқыту кезінде оқытушы-тәлімгермен келісу бойынша білім беру ұйымының қажетті жабдығын, аспап, құрал, әдебиет қорын, зертхана базасын, компьютерлік техникасын пайдаланады;

- білім беру ұйымының және университеттің материалдық-техникалық базасына, мүлкіне, жабдығына, құжаттамасына ұқыпты қарайды, оны тиімді пайдаланады, оқыту үшін қалыпты жағдайлар құруға қатысады;

- академиялық кезең аяқталғаннан кейін университет базасында емтихан сессиясының кестесіне сәйкес аралық аттестаттаудан өтеді;

- оқытудың толық курсына сәтті аяқтағаннан және кредиттердің қажетті санын игергеннен кейін университетте қорытынды аттестаттаудан өтеді;

- білім беру саласындағы уәкілетті органмен белгіленген баллдардан кем емес нәтижемен «педагог» біліктілік санатына Ұлттық біліктілік тестілеуінен өтеді;

- өндірістік оқыту және кәсіптік практика процесінде білім беру ұйымы туралы құпия ақпаратты жария етпейді.

7.5 Оқытушы-тәлімгер:

- білім алушыны оқытады, зерделенетін пәндердің, кәсіптік практиканың мақсаттары мен міндеттері есепке алынумен білім алушының оқу-өндірістік қызметін ұйымдастырады;

- білім алушыға білім беру ұйымының білім беру қызметімен, ұжымдық мәдениетімен және педагогтың кәсіптік дамуымен танысуына жәрдемдеседі;

- білім алушыға лауазымдық міндеттер және тапсырмаларды сапалы орындаудың практикалық тәсілдері мен амалдарын үйретеді;

- білім алушыға берілген тапсырмалардың орындалуын бақылайды;

-білім алушы жіберген қателерді анықтайды және бірлесіп жояды, бар кемшіліктерді жоюға көмек көрсетеді;

-білім алушыда өзінің кәсіптік міндеттерін орындауға жауапты қатынасты, сондай-ақ жұмыс бойынша әріптестеріне құрметпен қарауды қалыптастырады;

- білім беру бағдарламасының бейіні бойынша педагогтың кәсіптік қызметінің негіздерін түсіндіреді, оны орындау тәсілдерін түсіндіреді;

- білім беру ұйымының тікелей басшысының келісімімен білім алушыны оқыту үшін басқа педагогтарды тартады;

- білім алушыдан білім беру қызметіне байланысты мәселелер бойынша нұсқаулардың, практикалық тапсырмалардың орындалуын талап етеді;

- білім алушылардың білім беру ұйымының Жарғысын, ішкі тәртіптеме ережелерін, санитариялық, өртке қарсы және басқа жалпы міндетті нормалар мен ережелерді сақтауын, өздерінің практикалық оқытуымен байланысты барлық мәселелер бойынша нұсқауларды орындауын бақылайды;

- өзінің қамқорлығына алынған тұлғаның өндірістік оқытуына қажетті жағдайлар құру туралы басшылық алдында өтініш білдіреді;

- ағымдағы, межелік және қорытынды бақылауды ұйымдастыру ерекшеліктерін ескеріп, оқытудың нәтижелерін оның барлық кезеңінде бағалауды жүргізеді;

- оқу, жоспарлау құжаттамасын, оның ішінде қауіпсіздік техникасы, еңбекті қорғау және тазалығы талаптарын жүргізуді бақылауға алады;

- дуальды оқыту күнделігін жүргізуді талап етеді;

- білім алушының оқыту және тәртібінің ағымдағы нәтижелері, пәнді меңгеру, білім беру ұйымының базасында оқыту процесі туралы жоғары оқу орнының оқытушысын хабардар етеді;

- дуальды оқыту күнделігіне жазбаларды уақытылы енгізеді;

- ағымдағы бағаларды уақытылы қояды;

- білім алушының білім беру, қоғамдық қызметімен байланысты мәселелерді талқылауға қатысады, оны көтермелеу және тәртіптік ықпал ету шараларын қолдану туралы білім беру ұйымының басшысына ұсыныс енгізеді.